«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№23 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №23» ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА» АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
20.01.2026

ПРИКАЗ
№ 19

Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауар, жұмыс, қызмет) жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106 -VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің №23 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16 бабының 3 тармағының 35-тармақшасын «егер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі бар болса, егер мұндай мемлекеттік сатып алу уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша, мыналардан аспайтын көлемде жүзеге асырылса Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішінде тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті, бірақ екі айдан аспайтын осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемі» қолдана отырып, Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Өнім берушіні айқындау мақсатында веб-портал арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында өз қызметін жүзеге асыратын кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салулар жіберілсін..

3. Осы Заңның 5-бабының 1-тармақшасында көзделген мемлекетіік сатып алу қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бас есепші В.Валькаева мен есепші А.Кокановаға міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106 -VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы.

Мектеп директоры: **Ж.С.Шаргабаева**